

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР**

**Г.М. Бейсембаева, А.Е. Амирова, А.А.Нұрғалиева**  
*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Қазақстандағы ұлттық сақтандыру жүйесінің қалыптасуының және дамуының кезеңдерін талдауды, сақтандыру қызметін реформалаудың бастапқы этаптарынан және оның одан арғы дамуын айқындаудан бастаған абзал. Нарық жағдайында қоғамның әлеуметтік –экономикалық дамуы көпсалалы және алуан түрлі қатерлермен байланысты, сондықанда шығын шығудың ықтималдығы артады және сол себепті ұлттық экономиканың өртүрлі иерархиялық деңгейлерінде болуы мүмкін қатерді басқару арқылы оларды азайту қажеттілігі туады. Сондықанда, көп жүйелі ұлттық экономикада қатерді басқару шаруашылық субъектілерінің алғашқы кезекті мәселелеріне айналады.

Бұл жағдайда, қатер- менеджмент үрдісі кезінде қатерді тапсыру немесе сақтандыруды профессионалды сақтандырушыларға жүктеудің орны артады, себебі олар сақтандыру қорғанысын қаржылық қызмет түрінде ұсынады. Нарықтық реформаның бастапқы кезеңінде сақтандырудың негізгі ережелерінің болмауы, өте жоғарғы анықталмағандыққа әкеліп соқтырды.

Дегенменде, сақтандыру көптеген компаниялар үшін көптеген қызмет түрінің бірі ғана болып қала берді, осы себептердің нәтижесінде сақтандыру жүйесінде түсініспеушіліктермен қарама-қайшылықтар туындады. Осының салдарынан сақтандырушылар сақтандыру жағдайы туған кезде, көп жағдайда өз міндеттерін орындамады.

Басқарушы-әкімшілік экономика жағдайында сақтандыру қоры қоғамның ұлттық табысын бөлу арқасында қалаптасты. Бұл есепте, сақтандыру қорының жұмсалмаған бөлігі жыл сонында мемлекеттің ұлттық байлығы деп саналды. Қазақстанның әлеуметтік- экономикалық дамуы нарық қатынастары арқалы өрбуіне байланысты сақтандыру қорын былайша қалыптастыру және жұмсау тәсілі өзінің көкейтестілігін жоғалтты.

Көп салалы экономика жағдайында, оның негізін өртүрлі меншік формасындағы жеке шаруашылық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметі қалайды. Мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық дамуына бағытталған міндеттемелерінің басымдылықтарының объективті себептері пайда болды, олар өз кезегінде өзіміздің ұлттық сақтандыру жүйемізді қалыптастыруға үлкен септігін тигізді. Бұл дегеніміз, нарықтық қатынастарға көшу, көп

түрлі жеке меншік формаларын қалыптастыру, мемлекет пен экономика субъектілері арасындағы мүліктік құқық және жауапкершіліктің бөлінуі, бұл жағдайда мемлекет сақтандыру аймағын өз монополиясынан шығарады.

Бұл үрдіс 1988 жылдың мамыр айында «Кооперация туралы» заң қабылданғаннан соң басталды. Бұл заң жобасы кооперативтерге өз сақтандыру мекемелерін құруға, сақтандырудың тәртібі мен түрін, шарттарын өз беттерінше анықтауға құқық берді. Бұл заң одақ көлемінде қалыптасып келе жатқан нарықтың барлық саласында сақтандыру қоғамдарынан жаппай құрыла бастауына жол ашты.

1980 жылдардың соңына қарай бұрынғы КСРО аумағында 5765 сақтандыру мекемесі жұмыс істей бастаса, соның 3425 Ресей территориясында болды.

1990 жылдың маусымында КСРО министрлер кеңесі қабылдаған «акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі бірлестіктер туралы» қағидаға сәйкес мемлекеттік емес сақтандыру компанияларын берілген ұйымдастыру – құқықтық формасында құру мүмкіндігін бекітті. Сақтандыру нарығының қалыптасуы және оған қатысушы сақтандыру компанияларының жаппай құрыла бастауы, олардың арасында бәсекелестіктің пайда болуына әкелді. Сондықтанда, 1990 жылдың 16 тамызында «халық шаруашылығын демонополизациялау шаралары туралы» қаулының қабылдануы, одақтағы сақтандыру нарығындағы бәсекелестікті тура бағыттап, реттеді.

1991 жылдың соңында КСРО–ның ыдырауы шаруашылық байланыстардың үзілуіне, өндірістің күрт төмендеуіне, жеке және заңды тұлғалардың сатып алушылық қабілеттерінің төмендеуіне және инфляциялық үрдістердің күшейуіне әкеліп соқтырды. Осымен қатар республика әргүрлі жеке меншік формаларын қалыптастыру және мүліктік құқықтың бөліну мәселесі алдында тұрды. Сол себептен қазақстандық сақтандыру жүйесін қалыптастыру мәселесі туындады және ол ұлттық экономиканың қалыпты дамуына алға шарттарының бірі ретінде қарастырылды. Келтірілген мәселелер субъективті себептермен асқындырылды, олардың қатарына: нормативті – құқықтық негіздің болмауын, Отандық сақтандыру нарығының қызметін реттейтін сақтандыру инфраструктурасының болмауын, сақтандырудың әдістемелік және тәжірибиелік алғы шарттарының болмауын және білікті мамандардың жетіспеушілігін жатқызуға болады. Сондықтан, Қазақстандық қоғамның алдында: сақтандыру мен байланысты мәселелерді жүйелеу; сақтандыру ісінің оперативтік, тактикалық, стратегиялық міндеттерін айқындап алу; экономика субъектілерінің жүйелік мүдделерін қорғай алатын мардымды тәсіл ретінде қолданылатын әдістемелік жақындауларды айқындап алу және оларды шеше алатын құралдарды әзірлеу сияқты келелі мәселелер тұрды.

Бұл жағдайларда сақтандыру үрдісінің басты құрылымы болып табысты ұзақ мерзімге болжай алу жатады. Көп жыл алға табыс пен шығысты болжау мұндай анықтаманы береді, ол бойынша сақтандыру

қорының қалыптасу көздерімен қысқа және орта мерзімді перспективаларды сақтандыру қорғанысына деген сұраныс туралы білуге болады. Сонымен, сақтандыруда экономикалық қатынастардың басты құбылыстары іске асырылады, ол экономика субъектілерімен мемлекет арасында өндіріс үрдісі кезінде, материалды игіліктерді бөлу және қолдану.

Сонымен, сақтандыру келесі бағыттарда жүргізіледі:

1. Мемлекет меншігін халық алдында жауапкершілігін сақтандыру арқылы қорғау.

2. Жеке меншікті және заңды тұлғаларды қорғау. Реформалаудың міндеті Қазақстандағы сақтандырудың эволюциялық дамуын сатылы қараудың қажеттілігіне міндеттеуді. Біздің ойымызша, экономиканың барлық сферасындағы көп салалы және күрделі спуликадағы сақтандыру жүйесінің қалыптасуын және дамуының сатыларын бөлуді өндірістік экономикалық қатынастардың реформалауымен байланыстыру жөн және мемлекеттің әлеуметтік- экономикалық саясатының өзгеруі әкімшілік-басқару моделінен нарықтық моделге өтуінің салдары. Сақтандыру ісінің дамуының басты сапалық критерий ретінде, біздің ойымызша, экономика субъектілеріне сақтандыру қорғанысын ұсынуды үздіксіз сақтандыру саясатын қолдануды, қаржы-экономикалық қатынастарды қарастыруға болады. Келтірілген критерийге сүйене отырып, біздің ойымызша, ұлттық сақтандыру жүйесінің қалаптасу және даму сатыларын бөлуге болады.

Бірінші кезең, шартты түрде нарық алды деп аталады (80 жылдардың соңы 90-шы жылдардың басы) КСРО–ның, әкімшілік–басқарма жүйесі негізінде пайда бола бастаған алғашқы нарық қатынастарымен сипатталады. Бұл кезеңде сақтандыру қызметін көрсету сферасында екі мемлекеттік сақтандыру компаниясы жұмыс істеді.. Олар Ингосстрах және Госстрах, екеуінің арасында бәсекелестік мүлдем болған жоқ. Ішкі және сыртқы факторлар мен шарттардың өзгеруінің алдын ала белгілі болуы және өте жоғары деңгейді болжамдылық, өте шектеулі жинақ сақтандыру қызметін көрсетуді айқындайды. 1991 жылы өте жоғары 2000 % жеткен инфляция салдарынан, мемлекеттік сақтандырудың қаржылық мүмкіндігі құнсызданды, бұл дегеніміз шынайы түрде сақтандыру облысындағы мемлекеттік қаржы негіздің монополиясының жойылуына әкелді және сақтандыру сферасында вакуум пайда болды. Инфляцияны жеңіп өту 1991 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Салық туралы» заң жобасында көрініс тапқан.

Екінші кезең, (1992-94 жж.) республиканың сақтандыру нарығының қалыптасуын өркениетсіз деуге болады. Ол алғашқы Отандық жеке меншік сақтандыру компанияларының пайда болуымен және ұлттық сақтандыру жүйесінің қалыптаса бастауымен сипатталды. Бұл үрдіс сақтандыру компанияларының қызметін реттейтін нормативті –құқықтық құжаттарды дайындаумен жалғасты. Солай, 1992 жылдың 3 шілдесінде «Сақтандыру



туралы» ҚР заңы қабылданды, оған 1993 жылы 8 сәуір күні толықтырулармен түзетулеу енгізілді. Әлеуметтік – экономикалық және қаржылық жағдайдың қалыпсыздығымен сақтандыру бірлестіктері қысқа мерзімді және оперативті міндеттерді шешуге бағыттады. Бұл кезең 1994 жылы 16 сәуірде ҚР-сы президентінің № 1658 «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамытудың ұйымдастыру – құқықтық шаралары туралы» заңдық күшке ие жарлығының қабылдануымен аяқталды.

Үшінші кезең (1995-1996 жж.) сақтандыру қызметіне сұраныс пен ұсыныс арасында тепе-теңдіктің болмауымен байланысты. Бұл кезең сақтандыру нарығын субъектердің жеткіліксіз мөлшерде қаржыландыруымен сипатталады. Сонымен қатар, бұл кезеңде ұйымдар мемлекеттің сақтандыру қорғанынан айырылса, сол себепті сақтандыруға өте зәру болды. 1995 жылы Үкімет сақтандыру компанияларың жарғы қоры 40000 минималды еңбек ақы мөлшерінде болуды міндеттейді. Осы тұрғыда өзгере бастаған макро экономикалық жағдай (1996 жылы ІЖӨ соңғы жылдары бірінші рет 0,4 % өсімді құрады) әртүрлі қатерлерден кешілдік бере алатын сақтандыру қорларын қалыптастырудың қажеттігін айқындады.

Төртінші кезең (1997-1999 жж.) экономикалық өсіммен тұрақтылықтың басталуымен байланыстырылады, оның сипаттамасы ретінде макро экономикалық көрсеткіштердің өсуі және осыған байланысты сақтандыру саласында тұрақтылықтың қалыптасуы көзге түседі. Осы кезеңде сақтандыру нарығының қызметін реттейтін басты құжат ретінде «1996-1998 жылдар аралығындағы ҚР сақтандыру нарығын дамытудың басты бағыттары» атты заң жобасы табылды. Оны МСҚ мекемесі, мүдделі министрліктермен ведомствалар әзірлеп, үкімет бекітті. Өркениетті сақтандыру нарығы қалыптасты және көрсеткіштерін сақтау қызметінің түрлері артты. Сақтандыруға деген көзқарастың өзгеруі, сақтандырудың көптеген қатер түрлерінен қорғау көлемін кеңейтті және сақтандыру қызметін көрсету ауқымы артты. Бұл кезеңде кейде сақтандыру компанияларының қаржыландыруының әлді болса жеткіліксіз болуы, үлкен қатерлерден қорғауға мүмкіндік бермейді. Егер орта мерзімді қатерлерден қорғағанның өзінде, шетелдерде қайта сақтандырыла ғана қорғалды. Ұлттық валютаның 1999 жылы құнсыздануы сақтандыру компанияларының активтерінің теңгеде сақталған немесе инвестицияланған едәуір бөлігінің құнсыздануына, ал экономикалық субъектердің табысының төмендеуі, сақтандырушылар легінің азаюына әкелді, сақтандыру компанияларының қаржылық жағдайының төмендеуі сақтандыру ауқымын төмендетуге мәжбүрлері. Бұл жағдайдағы сақтандырушылардың жарғылы капиталын өсіру саясаты мемлекеттің тиісті көмегісіз сақтандыру компанияларының қажыптасқан жағдайдан шығуға көмектеспейді, ал керісінше қарама қайшылықтарды ушықтырады. Сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығының төмендеуі, 1999 жылы сақтандыру ісінің тығырықтан шығуының баста мақсатына айналды. Сонымен

қатар, төртінші кезеңнің соңына қарай шаруашылық қызметінің көлемінің өсуімен сақтандыру компаниялары депрессия жағдайынан шыға бастады.

Бесінші кезең, бұл кезеңнің бастамасы 2000 жылдың 18 қазанында «Сақтандыру қызметі туралы қабылданған заң жобасынан басталды деп айтуға толық негіз бар. Заң жобасында сақтандыруды ұйымдастырудың негізгі түсініктерінің нақты анықтамасы, сақтандыру нарығына қатысушылар тізгіміне сақтандыру ұйымын құрудың технологиясына анықтама және сақтандыру компанияларының қызметін реттейтін негізгі құралдары көрсетілген. Сақтандыру сыйақыларының көлемінің өсуіне қарамастан, 2002 жылы Т22,06 млрд болса, 2003 жылы Т 28 млрд асты. Қазақстанның сақтандыру нарығы қарқынды дамып келе жатқан ұлттық экономикаға әліде болса сай емес. Қазақстанның сақтандыру нарығы әлі шетелдік сақтандырушылармен бәсекелесе алмайды өйткені ол үшін сақтандыру компанияларының капиталы 50 млн доллордан кем болмауы қажет. Біздің ойымызша, әрі қарайғы капитализацияны осы кезеңде мемлекеттің көмегімен шешу керек, ол дегеніміз отандық сақтандыру нарығын қорғауды ықпалды шаралар өткізумен және халықаралық келісімдерге тиісті шарттарды енгізіп әлі әлсіз, бірақта қарқынды дамып келе жатқан қазақстандық сақтандыру капиталын әрі қарайғы өркендетуге және дамуына нақтылы көмек көрсету қалыптасуына.

Сонымен біз ұлттық сақтандыру жүйесінің қалыптасуы және дамуын бес кезеңге бөлдік, оған ықпалын тигізген әлеуметтік – экономикалық, қаржылық, саяси, заңдық және басқада факторларды атап өттік. Кезеңдік қалыптасуға жүргізілген анализ және ұлттық сақтандыру жүйесінің дамуы, оны кемшіліктермен жетістіктерін және ұлттық. Сақтандыру жүйесінің қалыптасуындағы қиыншылықтарды көрсетеді. Сонымен, ұлттық сақтандыру жүйесі нақтылы түрде екінші кезеңнен басталады. Экономикалық өсім сақтандырушылардың мүдделерінана емес, сонымен қатар сақтанушылардың да мүдделерін қорғайды. Осыған байланысты ұлттық сақтандыру жүйесі әлеуметтік сақтандыру моделіне ие болады. Мұндай көзқарастың басты мақсаты кепілдендірілген сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуға сүйену.

Отандық сақтандыру нарығы көптеген параметрлер бойынша нашар дамыған болып саналады. Оларды атап айтатын болсақ: Қазақстандық сақтандыру компанияларының капиталдану дәрежесінің төмендігінен, ұсылынып отырған сақтандыру қызмет түрлерінің ассортиментінің аспаптық шектелуімен, өз еркімен сақтандырудан гөрі міндетті сақтандырулардың басым болуынан, қайта сақтандыру іс- әрекеттерінің дамымауынан және ұлттық экономиканың жоғарғы қарқынмен өсуіне қарамастан Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі сақтандырудың үлесінің аз болуы айта кеткен артық болмас. Мұндай сәйкестік белгілі бір дәрежеде Қазақстанның сақтандыру

нарығының даму логикасын жақын болашақта сақтандыру бизнесіндегі дифференциация үрдістерінің басым болуы және сақтандыру қызметін диверсификация түрінде айқындайды.

Қазақстандық сақтандыру қызметі нарығының дифференциация үрдістерінің сапалық сипаттамалары көп жағдайда нақты сақтандыру нарығының экономикалық даму қарқынынан және сақтандырудың динамикалы және тұрақты дамуына жасалатын алғышарттарға байланысты болады. Біздің ойымызша, сақтандыру бизнесінің сапалық өсуінің негізгі алғышарттары сыртқы және ішкі факторлар тобына тәуелді болуы мүмкін. Қазақстандық сақтандыру бизнесінің тұрақты дамуының алғышарттарының сыртқы факторлары мыналар: макроэкономикалық, ұйымдастыру – құқықтық және әлеуметтік- психологиялық жағдайларымен ұлттық экономиканың сақтандыру секторының дамуының алғышарттары. Қазақстанның сақтандыру нарығына диверсификация және дифференциация жағдайларына және ішкі алғышарттар блогына сапалық сипаттамаларды қосу дұрыс, сақтандырудың жеке субъектілерінің дамуымен қатар жалпы сақтандыру нарығының эволюциясымен байланысты.

Осы алғышарттардың Қазақстанның сақтандыру нарығының сапалы түрленуіне әсері етуі, стратегиялық үрдістерді іске асыру нәтижесінде қамтамасыз етіледі, бұл бір жағынан сақтандыру бизнесінің дифференциациясы, ал екінші жағынан- өртүрлі түрлендіру және кешендеу әдісін қолдану арқасында сақтандыру бизнесінің аясын кеңейту. Сонымен қатар сақтандыру нарығы әлде қайда мықтырақ дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, сақтандыру компанияларының көбі стратегиялық дамудың салыстырымды қарапайым нұсқаларын таңдайды, мысалы; сақтандыру қызметінің бір түрінің аясында біртіндеп күшею. Сонықтан да, Қазақстандық сақтандыру компаниялары жақын болашақтағы өзінің стратегиялық дамуын бір өзекті бағыттың төңірегінде біртіндеп даму стратегиясын ұстанын дамитындығын жоғарғы ықтималдықпен айтуға болады.

Бірақ та, Қазақстанның сақтандыру нарығын сапалы түрлендіру үрдістерінен тежеп тұрған бірнеше субъективті факторлар тағы бар, соның ішінде сақтандыру бизнесінің терең дифференциациясы үрдісі және сақтандыру қызметінің диверсификациясы. Қазақстандағы сақтандыру қызметін тежеп тұрған жалпы субъективті факторлары өртүрлі: солардың қатарына сақтандыруға қатысты заңдардың тым қарапайымдығынан (қазіргі заң жобасында сақтандыру нарығының өркениетті дамуына қажетті сұраныстың минималды бөлігі ғана қамтылған), кейбір сақтандыру бизнесінің өкілдерінің ашық қылмыстық іс- әрекеттерін жатқызуға болады. Осының бәрі халықтың арасында сақтандыру компанияларына деген сенімге нұсқан келтірді.



Біріншіден, қатаң орталықтанған экономикалық жүйенің ұзақ мерзім жұмыс істеуі экономиканың маңызды саласы болып табылатын сақтандырудың толық көлемде дамуын шектеді, сонымен бірге, шаруашылық субъектілері халық арасында сақтандыру қызметі екінші рөлді, көмекші қызмет деген деген түсінік қалыптасты. Нарыққа дейінгі екі жақты әсері нарық жүйесіне ауысқаннан кейін түпкілікті өзгерді, нарықтың экономикалық маңызды сферасы ретінде сақтандыру бизнесінің оза дамуына қажеттілік туындады, әсіресе кризистік тенденциялар туындағанда білінеді. Бірақ ұзақ уақыт бойы сақтандыруға қатысты қалыптасқан көзқарас сақталып отыр және Отандық сақтандыру нарығының сапалы түрленуіне тежеуші әсер етуде. Бірақ та, қазіргі кезде басқарудың нарықтық жүйеге ауысқаннан бері сақтандыру ісіне деген консервативті көзқарас ашық айтылмаса да, стратегиялық маңыздылықтың бағаланбай отырған элементтерін көру қиын емес.

Екіншіден, Қазақстандағы сақтандыру ісінің дамуына басқа да бұрынғы социалистік елдердегі сияқты, сақтандыру компаниялардың қызметінің артық регламентациясы, олардың инвестиция қызметін қатаң шектеу, капитализация бойынша артық жоғарғы талаптар қою және тағы да басқалары. Сондай-ақ ерекше атап өтетін жағдай, ол сақтандыру компанияларының құқығына қолдан шектеу жасау арқылы сақтандыру тарифтерінің өлшемін анықтау. Бұл іс жүзінде сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым-қатынас принциптері нарықтан аулақ екенін көрсетеді.

Сақтандыру тарифтерінің мөлшерін қатаң бекіту, бәсекелестік деңгейін төмендетеді, сақтандырудың кейбір жаппай түрлерін сақтандырушыларға аз ұнамды етеді. Бекітілген тарифтер сақтандырушылардың қызмет ету сапасын жоғарлатуға септігін тигізбейді. Бұл авто иелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруында анық көрінеді, сақтандырудың жаппай түріне айналады және Қазақстанның нарықтық сақтандыруының негізгі үрдісін қалыптастырады.

Қазақстандық сақтандыру компанияларының көбі, осы секторда қызмет етеді, бірақ әлі де болса қызмет сапасы төмен деңгейде қалуда. Сақтандырушылар жағынан тарифтер бойынша проблемалар туындайды, олар экономикалық өмірдің өсуімен санаспайды. Бұған шетелден әкелінетін авто көліктердің көлемінің өсуі және осыған байланысты көп қалаларда көліктің легінің артуы өз ықпалын тигізуде. Сақтандырушылардың сөзіне қарасақ олар сақтандырудық бұл түріне сақтандыру заңына қарамастан қызығушылықтарын жоғалтқан. Әліде сақтандырудың бұл түрімен айналысып жүрген сақтандыру компанияларының өкілдерінің сөздеріне қарасақ, сақтандырудың бұл түрінің шығындары аспандап барады, әсіресе Алматы, Астана сияқты өте ірі қалаларда. Күн өткен сайын ЖКО саны, келтірілген зиянның көлемі де артуда, осының салдарынан төленетін төлемақылар суммасыда артты. Егер бұрындары орташа зиян 30-50 мың

мағдарында бола, ал қазір әр ЖКО үшін сақтандырушылар одан 2-3 есе артық сумма төлеуге мәжбүр. Ал орғаша тариф болса, машинаның маркасына қарай 5000 теңге жобасында.

Үшіншіден, Сақтандырушылардың жағынан автоиелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сияқты сақтандырудың жаппай түрі негізінде статистикалық есепке алуын жасауды созуысияқты субъективті фактор өздігінен сақтандыру нарығының тұрақтануына тежегіш болып табылады. Өйткені мемлекет тарапынан осы нарықты құруға деген ынталықтың жеткіліксіздігі, жақсы нәтиже әкелмеді, ал ондай факторлар жеткілікті мөлшерде жиналып қалды.

Төртіншіден, Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуының қарқынымен деңгейіне едәуір ықпал еткен фактор, құнды қағаздар нарығының қалыптасуындағы баяулылық. Сақтандыру қызметінің қалыпты өсуі көп жағдайда қолда шоғырланған қаржы көздерін сенімді және пайдалы орналастыруға тікелей байланысты. Ұлттық құнды қағаздар нарығының жеткілікті деңгейде дамымауы Қазақстандық сақтандыру компаниялары үшін ұзақ мерзім көлемінде рационалды инвестиция портфелін құруда үлкен қиындықтар туындатуда. Сонымен қатар, ұлттық құнды қағаздар нарығында жекеменшік компаниялардың акцияларын сатып-сатып алудағы көлемінің аздығы сақтандыру компанияларының капитализациясын тежеуші фактор ретінде айтылып жүр.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сембеков А. Этапы формирования страхового рынка Казахстана/ Журнал “Финансы и кредит”, №4.-2005.
2. Сембеков А. Сложности в развитии рынка страховых услуг/ Журнал “Финансы и кредит”, №7.-2005.
3. Малахова О. Страхование автовладельцев-торможение рынка/ “Казахстанская правда”, 09.04.2005.

#### *Резюме*

*В этой работе рассказывается об этапах становления и о трудностях на пути развития страхового дела в Казахстане.*

#### *Resume*

*The work relate insurance business stand stages and complicated on the way development in Kazakhstan.*